

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

трудоемкую задачу. К тому же многие руководители предприятий плохо представляют себе сущность и преимущества этого метода. Затраты на внедрение ABC-системы будут выражаться в подборе персонала, который владеет соответствующими знаниями, найме такого персонала, оплате труда и некоторых материальных расходах. В целом такие затраты должны быть гораздо меньше полученного эффекта. Однако внедрение метода ABC помогает добиться существенной экономии не только за счет снижения управленческих расходов, но также и при распространении этой системы на все виды косвенных расходов на предприятии. То есть нужно применять именно те средства, которые принесут наибольшую выгоду в данное время и в данном месте, и быстро реагировать на изменение окружения [9].

Таким образом, обобщая вышеизложенное можно заметить, что зарубежные компании давно и успешно используют логистические подходы, тогда как казахстанские транспортные предприятия делают только первые шаги в данном направлении. Именно использование опыта зарубежных фирм таких стран как США, Польша, Япония и Франция поможет ускорить процесс использования современных логистических подходов в хозяйственной деятельности транспортных предприятий Казахстана и добиться снижения.

Литература:

1. Алимхаджиев Х. М. Функциональные циклы логистики в оптовой торговле [электронный ресурс] //Управление сбытом. – 2012. - №5. – С. 18.
2. Кобзева К.В. Разработка аналитического инструментария управления логистическими затратами предприятия /К.В. Кобзева // [Электронный ресурс]. http://manved.at.ua/publ/rozrobka_analitichnogo_instrumentariju_upravlinnja_logistichnimi_zatratami_pidriemstva/.
3. Рогатюк А.В. Методы управления затратами на отечественных предприятиях /А.В. Рогатюк //2012. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://nauka.kushnir.mk.ua/?p=27366>
4. Дорошенко Л.И. Современные методы учета затрат в контексте зарубежного опыта /Л.И. Дорошенко //Государство и регионы. Серия: Экономика и предпринимательство. - 2014. - № 2 (77). - С. 72-76
5. Артамонова Н.С., Добра Н.М. Внедрение современных методов управления затратами для обеспечения конкурентных преимуществ /Н.С. Артамонова, Н.М. Сутки //ЭКОНОМИКА: реалии времени. - 2013. - № 3 (8). - С. 16-22
6. Знахарчук А.В. Управление затратами промышленного предприятия на основе бюджетирования : дис. ... канд. экон. наук. Белгород, 2014. 211 с.
7. Влажина И.Ю. Метод ABC в рамках стратегического управленческого учета на предприятиях внутреннего водного транспорта //Международный бухгалтерский учет. - №38(284). – 2013.
8. http://www.cfin.ru/management/finance/cost/actbased_costing.shtml.
9. Распределение управленческих расходов на промышленном предприятии на основе метода activity based costing (учета затрат по видам деятельности). Шешукова Т.Г., Ленина В.В., Ворожцова К.А. //Вестник ПГУ. Серия: Экономика. 2014. №1.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИННОВАЦИЯ СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ БІРДЕН – БІР ЖОЛЫ - «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА»

Қайнарұлы А., Егембердиева С.М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: azka_enu@mail.ru

Бүгінгі күнге отынның қазбалы түрлері (көмір, мұнай, газ) әлемде тұтынылатын барлық энергияның 86% шамасын қамтамасыз етеді. Қарқынды пайдалану мен шектеулі қорлар осы энергетикалық қорлардың жүдеуіне келтіреді. Бұдан басқа, ғалымдар көмір, мұнай мен газды жандыру парниктік газдардың шығаруын болжайды(негізінен көмір

қышқыл газ), бұл климаттың өзгеруіне себепші болады және экологиялық технологиялардың ғылыми әзірлемелерінің маңыздылығын жоғарылатады. Осыған орай, қазіргі таңда экономикасы дамыған және дамушы елдер осы проблемаларды қолға алып, «жасыл экономика» секторын дамытуға көшіп жатыр. Осы «жасыл экономика» секторын Қазақстанда дамытудың бірден-бір алғышарттарының бірі – «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі.

«ЭКСПО-2017» көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді.

Көрме сондай-ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін береді. Осы «Экспо-2017» көрмесін пайдалана отырып Қазақстан инновациялық жбалардың арқасында баламалы энергия көздерін қолға алып, «жасыл экономика» секторын дамытқан жөн [1].

Қазіргі таңда осы «жасыл экономика» секторында әлем бойынша 7 миллионға жуық адам жұмыс жасайды (1-кесте).

Кесте 1

«Жасыл экономика» (ЖЭ) секторындағы жұмысшылар саны және ірі жұмыс беруші елдер

	Баламалы энергия түрлері	адам саны, млн		ЖЭ секторындағы ірі жұмыс берушілер
1	Күн энергиясы	2,2	1	Қытай
2	Биоотын өндірісі	1,4	2	Бразилия
3	Жел энергиясы	0,85	3	АҚШ
4	Биомасса саласы	0,8	4	Үндістан
5	Термалды күн энергиясы	0,5	5	Германия

Ескерту: Кесте авторлар идеясы негізінде құрастырылған.

«Жасыл экономика» секторы бойынша инновациялық технологияларды дамыту барысында жаңа жұмыс орындары ашылады. Ең ірі жұмыс беруші мемлекеттер Қытай, Бразилия, АҚШ, Үндістан, Германия, Испания, Бангладеш мемлекеттері болып саналады.

Қазіргі таңда, Біріккен Араб Әмірліктерінде «жасыл экономика» секторын қолға алып, баламалы күн энергиясын пайдалана бастады. Мысалы; Дубай қаласында электр қуатының 99%-ын табиғи газ құрайды. Осыған орай 2030 жылы баламалы күн энергиясының арқасында Дубай қаласының электр қуатының 15-20% шығынын жабады [2].

Швеция 2020 жылға қарай мұнай, көмір және газдан бас тартып, қалпына келуші ресурстар энергиясына көшуді жоспарлап отыр.

Бразилия көліктің 80% қант қамыстарынан жасалған биоотынға көшіруді жоспарлауда.

Жапония «Төмен көміртекті қоғам бағдарламасын» қабылдап, көміртектің шығарылымының төменгі деңгейін белгілеген.

Қазақстанда «жасыл экономика» бағдарламасын енгізіп, осы бағдарлама бойынша жұмыстар үш негізгі кезеңде жүргізілетін болады.

Бірінші кезеңде 2013-2020 жылдары - мемлекеттің негізгі басымдығы ресурстарды тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сол сияқты «жасыл» инфрақұрылым құру болады.

Екінші кезең барысында 2020-2030 жылдары қалыптасқан «жасыл» инфрақұрылым негізінде суды үнемдеп пайдалану, қалпына келетін энергетиканы дамытуды ынталандыру мен кеңінен енгізуді қолдау, энергетикалық тиімділіктің жоғары стандарттары негізінде құрылыс жүргізуге бағытталған ұлттық экономиканы бетбұрыстандыру жүргізіледі.

Үшінші кезеңде 2030-2050 жылдары ұлттық экономиканы «үшінші өнеркәсіптік төңкеріс» қағидасына көшіру қарастырылған. Ол табиғи ресурстарды олардың жанартылу

мен тұрақтылық негізінде қолданылуын пайымдайды. Тұжырымдама бойынша «жасыл экономикаға» көшу шаралары мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады: су ресурстарын тұрықты пайдалану, тұрақты және жоғары өнімді ауыл шаруашылығын дамыту, энергияны үнемдеу мен энергетикалық тиімділікті арттыру, қалдықтарды басқару жүйесі, ауаны ластауды азайту, экожүйелерді тиімді басқару [3].

«Жасыл экономика» еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. «Жасыл экономикаға» көшу Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіру жөнінде қойылған мақсатқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді [4].

Ел алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер:

- 1) экономиканы инновациялық индустрияландыру жолында дамыту;
- 2) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін көтеру;
- 3) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;
- 4) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әлауқаты мен қоршаған ортаның сапасын көтеру;
- 5) ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін көтеру болып табылады.

«Жасыл экономика» секторы Қазақстанда айтарлықтай дами бастаса, баламалы энергия көздерінен 2020 жылға қарай бүкіл тұтынылатын энергияның 3%-ы, 2030 жылға қарай 10%-ға өсу қарқыны болжанып отыр.

БҰҰ сарапшылары Қазақстанда «жасыл» экономиканы енгізу үшін бес маңызды секторды атап көрсетеді:

- энергия (электр энергиясы, жылу, мұнай және газ) – Мұнайгаз секторы Қазақстанның маңызды саласы болып қалып отыр. Ол ЖҰӨ 30% мен экспорттың 60% құрайды. Қазақстан «жасыл» экономикаға көшу үшін мұнайгаз секторына бірыңғай сенім артудан біртіндеп арылуы тиіс;

- Су – Қазақстан 2020 жылға қарай су тұтыну көлемін қысқартуды басыңқы бағыттардың бірі ретінде қарастырып отыр. Сонымен бірге таза ауыз су тапшылығын елдегі халықтың 20% сезініп отыр, кейде су сапасын нормативтік талаптарға сай келмейді. Сумен қамсыздандыру ЖҰӨ 2% ғана құрайды;

- Қалдықтар. Қалдықтарды қайтара өңдеу бар болғаны 20%. Үкімет 2020 жылға қарай қалдықтарды утилизациялауды 70% жеткізуді жоспарлап отыр. Қазіргі күні Қазақстан қауіпті қалдықтарды жинақтаудан Шығыс Еуропа мен ТМД елдерінің арасында екінші орында болып табылады.

- Ауыл шаруашылығы, балық аулау және орман шаруашылығы. Аталған сектор көшет газдарының шығарылымының 10% құрайды. Ауыл шаруашылығы ұлттық ЖҰӨ 5% мен экспорттың 2% құрайды. Қазақстан үшін бидай өсіру мен оны экспорттау ісі басыңқы болып қала береді, себебі біздің еліміз бидай экспорттаушы әлемдік бестікке енеді.

- Көлік. Қазақстандағы тасымалдаудың басым бөлігі дизель/бензинге тиісті. Ол ең алдымен ауаны ластауға әсерін тигізеді. Тасымалдау секторы Қазақстанның ЖҰӨ 8% береді, сондықтан да елдің көлік әлеуетін арттыру маңызды болып табылады [5].

«ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін пайдаланып, Қазақстанға шет елдің инвесторларынан ірі инвестиция тартуға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу арқылы Қазақстан «жасыл экономиканы» дамытуға тікелей септігін тигізетін жаңа технология мен инновацияларды қамтамасыз ете алады. Осы көрме негізінде баламалы қуат көздеріне қызығушылық танытатын инвесторлар үшін қарастырылатын жеңілдіктерді ұсынған жөн;

- Кедендік баж салығынан босату
- Арнайы салықтық жеңілдіктерді ұсыну
- Инвестициялық субсидиялар және т.б.

«Жасыл» экономика халықтың тұрмысын жоғары деңгейге жеткізетін әлеуметтік-экономикалық даму жолы деп қарастыруға болады.

- табиғи ресурстарға жасалатын салмақты азайту;
- ескіріп бара жатқан инфрақұрылымды қайта жаңғырту;
- экономиканы әртараптандыру;
- мемлекетіміздің экономикасын инновациялық индустрияландыру тұрғысында дамыту;
- қоршаған ортаның жағдайы мен халық тұрмысының сапалық деңгейін жақсарту және т.б.

Қорыта келе, «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі аясында, «жасыл экономика» секторы ұлттық экономиканы дамытумен қатар, Қазақстанды инновациялық индустрияландыру тұрғысында экономиканы дамытуға септігін тигізеді және ЖҰӨ өсу қарқынын жылдамдатады. Ол кедейшілікті жою мен экологиялық ресурстарды сақтау арасындағы байланысты орнатады. Экологиялық экономика жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етеді және табиғи ресурстарды пайдалану қысқарады. Экономиканы инновациялық дамытудың арқасында, табиғи ресурстардың орнына «Жасыл Нано» технологиясы қолданылады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін Астанада өткізу туралы шешім қабылдануына байланысты Қазақстан халқына Үндеуі, 2013 жыл.
2. «Жасыл Экономика». Баламалы көздерді пайдалану, (www.24kz).
3. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы //№ 577 30.05.2013 жыл Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
4. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства»
5. «Зеленая экономика» – новый вектор устойчивого развития Республики Казахстан //http://wap.bnews.kz.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

Құраш Н.П., Рахметулина Ж.Б.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: naz-9393@list.ru

Инновациялық кәсіпкерлік – өңірдің, жалпы елдің инновациялық дамуының негізгі факторларының бірі. Жаңа идеялар мен технологияларды коммерцияландыра отырып, кәсіпкерлік бәсекеге қабілетті жаңа өнімнің шығарылуы мен ендірілуін, жаңа өндірістердің бой көтеруін, жаңашылдыққа бейімдалген экономика қалыптастырады.

Инновациялық кәсіпкерліктің нәтижесі ретінде ерекше фактор – инновацияны атап өту керек. 2006-2009 ж. Инновациялық өнімдер өндірісінің көлемі екі есеге дейін қысқару тенденциясы тіркелген (2009ж. оның көлемі -82597,4 млн. тг. құрады), бірақ 2010 жылдан бері оның мәні оң сипатқа ие, және 2013 жылға көрсеткіш мәні біршама өскен, 2013 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 7,1 есеге артты. 1-суретте инновациялық өнім көлемінің өзгерісі және оның ЖІӨ-гі инновациялық өнімнің үлесіне қатысты тікелей байланыс бар екендігі көрінеді.

ҚР-да 2004-2013 жж. инновациялық өнім көлемінің өсу қарқынын, облыстар бойынша бөлінісін 1-кестеден көруге болады.